



ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

11.01.2024 № 8

Ақтөбе қаласы

город Актөбе

Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын іске асыру жөніндегі ұсыныстарды қалыптастыру үшін әлеуметтік-экономикалық міндеттердің тізбесін бекіту туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына, «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 25 қарашадағы № 725 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлаудың және іске асырудың кейбір мәселелері туралы» қағидаларына сәйкес Ақтөбе облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын іске асыру жөніндегі ұсыныстарды қалыптастыру үшін әлеуметтік-экономикалық міндеттердің тізбесі бекітілсін.

2. «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын іске асыру жөніндегі ұсыныстарды қалыптастыру үшін әлеуметтік-экономикалық міндеттердің тізбесін бекіту туралы» Ақтөбе облысы әкімдігінің 2023 жылғы 11 мамырдағы № 122 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. «Ақтөбе облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақтөбе облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Ақтөбе облысының әкімі



А. Шахаров

* Сериялық нөмірсіз бланк ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАҢЫЛАДЫ. Қызмет бабындағы мақсат үшін көшірмесі шектеулі мөлшерде жасалады, белгіленген тәртіппен БЕКІТІЛЕДІ және ЕСЕПКЕ АЛЫНАДЫ.
* Бланк без серийного номера НЕ ДЕЙСТВУЕТ. Копии при служебной необходимости делаются в ограниченном количестве. ЗАВЕРЯЮТСЯ и УЧИТЫВАЮТСЯ в установленном порядке.

Ақтөбе облысы әкімдігінің
2024 жылғы «11» 01
№ 8 қаулысына
қосымша

**Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын іске асыру жөніндегі
ұсыныстарды қалыптастыру үшін әлеуметтік-экономикалық міндеттердің
ТІЗБЕСІ**

№	Атауы
1	Білім беру саласын дамыту
2	Денсаулық сақтау саласын дамыту
3	Халықты әлеуметтік қорғау
4	Энергетика саласын, оның ішінде жаңартылатын энергия көздерін дамыту
5	Мәдениет саласын дамыту
6	Дене шынықтыру мен спортты дамыту
7	Өңірдің инфрақұрылымын дамыту
8	Өңірді цифрландыру
9	Шағын және орта бизнесті дамыту
10	Абаттандыру және көгалдандыру